



SOUTH KAZAKHSTAN
**MEDICAL
ACADEMY**



«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ»

ХАБАРШЫСЫ

«ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ МЕДИЦИНСКОЙ АКАДЕМИИ»

ВЕСТНИК

OF THE SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY

VESTNIK

№4(94), 2021

ТОМ 2

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

REPUBLICAN
SCIENTIFIC JOURNAL

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ

№ 4 (94), 2021, ТОМ 2

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
“VESTNIK”

of the South-Kazakhstan medicina academy
REPUBLICAN SCIENTIFIC JOURNAL

Основан с мая 1998 г.

Учредитель:

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Журнал перерегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан Регистрационное свидетельство №17199-ж от 04.07.2018 года.
ISSN 1562-2967

«Вестник ЮКМА» зарегистрирован в Международном центре по регистрации сериальных изданий ISSN(ЮНЕСКО, г.Париж,Франция), присвоен международный номер ISSN 2306-6822

Журнал индексируется в КазБЦ; в международной базе данных Information Service, for Physics, Electronics and Computing (InspecDirect)

Адрес редакции:

160019 Республика Казахстан,
г. Шымкент, пл. Аль-Фараби, 1
Тел.: 8(725-2) 40-22-08, 40-82-22(5113)
Факс: 40-82-19
www.ukgfa.kz, ukgma.kz
E-Mail: medacadem@rambler.ru,
raihan_ukgfa@mail.ru

Тираж 20 экз. Журнал отпечатан в типографии ИП «Қанағат», г. Шымкент.

Главный редактор

Рысбеков М.М., доктор мед. наук., профессор

Заместитель главного редактора

Нурмашев Б.К., кандидат медицинских наук, профессор

Редактор научного журнала

Шаймерденова Р.А., член Союза журналистов Казахстана

Редакционная коллегия:

Абдурахманов Б.А., кандидат мед.н., доцент
Абуова Г.Н., кандидат мед.н., доцент
Анартаева М.У., доктор мед.наук, доцент
Кауызбай Ж.А., кандидат мед.н., доцент
Ордабаева С.К., доктор фарм. наук, профессор
Орманов Н.Ж., доктор мед.наук, профессор
Сагиндыкова Б.А., доктор фарм.наук, профессор

Сисабеков. К.Е., доктор мед. наук, профессор
Шертаева К.Д., доктор фарм.наук, профессор

Редакционный совет:

Бачек Т., асс.профессор(г.Гданьск, Республика Польша)
Gasparyan Armen Y., MD, PhD, FESC, Associated Professor (Dudley, UK)
Георгиянц В.А., д.фарм.н., профессор (г.Харьков, Украина)
Дроздова И.Л., д.фарм.н., профессор (г.Курск, Россия)
Корчевский А. Phd, Doctor of Science (г.Колумбия, США)
Раменская Г.В., д.фарм.н., профессор (г.Москва, Россия)
Халиуллин Ф.А., д.фарм.н., профессор (г.Уфа, Россия)
Иоханна Хейкиля, (Университет JAMK, Финляндия)
Хеннеле Титтанен, (Университет LAMK, Финляндия)
Шнитовска М., Prof., Phd., M.Pharm (г.Гданьск, Республика Польша)



**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚОРЫ ЖАНЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ және
ОҢТУСТІК-ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ
«Биология, медицина және фармацевтиканың даму болашағы» атты жас ғалымдар мен студенттердің VIII
халықаралық ғылыми конференциясы
9 – 10 желтоқсан 2021 жыл, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы**

**СОВЕТ ПО НАУКЕ ПРИ ФОНДЕ НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА и
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ МЕДИЦИНСКАЯ АКАДЕМИЯ
VIII международная научная конференция молодых ученых и студентов «Перспективы развития
биологии, медицины и фармацевтики»
9-10 декабря 2021 года, город Шымкент, Республика Казахстан**

**THE SCIENCE COUNCIL under the NURSULTAN NAZARBAYEV FOUNDATION and the SOUTH
KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
the VIII International Scientific Conference of young scientists and students “Prospects for the development
of biology, medicine and pharmacy”
December 9-10, 2021**

Секция: МОДЕРНИЗАЦИЯ СЕСТРИНСКОГО ДЕЛА

Абдан А.Қ. 1 курс магистранты «Мейіргер ісі» мамандығы
e-mail: kanubekovnaa@mail.ru

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., қауым. профессор м.а. Қауызбай Ж.Ә.
e-mail: zhumaly@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

**СОЗЫЛМАЛЫ ЖҮРЕК ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ БАР НАУҚАСТАРДА ӨМІР СҮРУ САПАСЫН
БАҒАЛАУ**

Кіріспе. XXI ғасырдың басынан бастап созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің және өлімнің жоғары болуына байланысты әлемнің дамыған елдерінде негізгі медициналық-әлеуметтік проблемасы болып қалуда. Емдеудің жаңа әдістерін әзірлеуге және енгізуге қарамастан, осы патологиядан зардап шеккен науқастарда өмір сүру сапасы мен оның ұзақтығын жақсарту мәселесін шешуде алға қарай ұмтылушылық болған жоқ. Көптеген аурулар адамның физикалық жағдайына ғана емес, сонымен қатар оның мінез-құлқының психологиясына, эмоционалды реакцияларына да әсер етеді, сонымен қатар оның рөлін, әлеуметтік өмірдегі орнын өзгертеді.

Эпидемиологиялық деректерге сәйкес, Қазақстанда СЖЖ көптеген жүрек-қан тамырлары ауруларының, әсіресе артериялық гипертензия мен жүректің ишемиялық ауруларының асқынуы ретінде халықтың 4%-ында кездеседі. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, қан айналымы жүйесі аурулары салдарынан Қазақстан халқының өлім-жітім көрсеткіші Еуропа елдеріне қарағанда екі есе жоғары. Соңғы он жылда қан айналымы жүйесі ауруларымен сырқаттану 1,7 есе өсті [1].

Науқастарды емдеу және оңалту тиімділігінің жеткіліксіздігінің себептерінің бірі-нақты өмірде емдеу бойынша қолданыстағы ұсынымдар науқастардың ұйғарылған терапиялық режимге көз-қарасының төмендігінен іске асырылмауы, диета мен өмір салтына қатысты дәрігерлік ұсыныстардың тиісті түрде орындалмауы болып табылады. Науқастарды өзін-өзі бақылау және өзіне-өзі көмек көрсету дағдыларына үйрету, дәлелденген емдеу әдістерін мұқият қолдану, науқастарының ауруханаға жатқызылуының және өлімінің маңызды бөлігін болдырмауға қабілетті деп саналады [2, 3]. Соңғы уақытта СЖЖ бар науқастарға арналған мектептерді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Науқасты және оның жақын туыстарын жүрек ауруларының алдын алу үшін оқыту өте маңызды мәселе болып табылады [4].

ДДҰ соңғы онжылдықтарда бүкіл әлем бойынша СЖЖ аурулары бар науқастар санының үздіксіз өсуін, өлім деңгейі жоғарылауын атап өтуде. Әлемде СЖЖ 25 миллионнан астам адам ауырады.

СЖЖ жиілігінің таралу жиілігі дамыған елдерде жалпы популяцияның 0,3-2,4%, жасы > 65 төмен науқастардың 3-13% құрайды және әлемнің барлық дамыған елдерінде халық өлімінің негізгі себебі болып табылады. Батыс Еуропа елдерінде және АҚШ-та популяциясында СЖЖ таралу жиілігі 0,1-0,5 %, жыл сайын бұл көрсеткіш екі есе артуда. 2019 жылы СЖЖ ауырған 100.000 науқасқа шаққандағы өлім көрсеткіші: Қазақстан - 34,5%; Ресей - 33,7 %; Қырғызстан - 32 %. 2020 жылы ҚР-да СЖЖ шалдыққан науқастар барлық тұрғындардың 25-30% құрады [5].

Зерттеу мақсаты. «Шымкент жүрек орталығында» созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар науқастарға «SF-36 өмір сүру сапасын бағалау сауалнамасын» жүргізу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу Шымкент жүрек орталығында стационарлық ем алған 30 науқасқа жүргізілді. Науқастардың жасы, жынысы, әлеуметтік-этникалық, клиникалық көрсеткіштері есепке алынды. Зерттеуге өмір сүру сапасына әсер ететін, ауыр аурулары қатар жүретін науқастар (бронх демікпесі, созылмалы цереброваскулярлық аурулар, онкологиялық аурулар) енгізілмеді. Зерттеуге қатысқандар 45-65 жас аралығындағы науқастардың ортақ жасы $56,6 \pm 15,2$, олардың 57% әйелдер, 43% ер адамдар болды. Науқастардың тамақтануы және диетасы, су режимі, дене белсенділігі және емдік дене шынықтыруы, дәрі-дәрмектерді дұрыс қабылдауы, өзін-өзі бағалау мәселелері қарастырылды. Зерттеудегі науқастар кеңес берген жоғары білімді мейіргерлердің тұрақты бақылауында және психологиялық қолдауында болды.

Науқастарға «SF-36 өмір сүру сапасын бағалау сауалнамасы» жүргізілді. Сауалнама үш деңгейлік 36 сұрақтан (2-10 сұрақтан тұратын 8 шкала) тұрды. Сауалнамамен қоса науқастың шағымдарының динамикасы (ентігу, аяқтың әлсіздігі, жүрек соғысы, жүректің ауыруы), объективті деректер (қан қысымы, импульс) талданды. Сауалнама деректерін нақты шығару үшін халықаралық стандарттарға сәйкес грация шкаласы қолданылды, шкала бойынша сауалнама нәтижесі 0-ден 100 дейінгі баллдық жүйе арқылы шығарылды.

Нәтижелері. Қолданылған шкалалар бойынша бастапқы және сауалнамадан кейінгі деректер: жалпы денсаулық жағдайы-(GH): $28,2 \pm 8,5$ және $82,1 \pm 10,7$; физикалық функционалдық-(PF): $20,4 \pm 6,2$ және

85,2±21,6; рөлдік функционалдык-(RP): 7,6±2,1 және 75,3±19,7; ауырсыну шкаласы-(BP): 49,8±2,2 және 80,4±14,7; өміршендік шкаласы-(VT):38,7±12,6 және 70±13,1; әлеуметтік қызмет ету шкаласы-(SF): 29,3±4,3 және 80,1±11,9; эмоционалды жағдайға негізделген рөлдік функционалдык-(RE): 27,6±9,7 және 79,8±20,2; психологиялық денсаулық-(MN): 32,7±18,8 және 72,2±8,2.

Біз алған мәліметтер мен қортындылар бойынша науқастардың жай-күйін бақылау және мейіргерлердің үнемі қадағалауымен және қолдауымен өмір сүру сапасын жақсартуға болатындығын көрсетеді. Емдеу және оңалту бағдарламаларына дәлелді қатысу үшін науқас өзінің ауруы туралы белгілі бір білімге ие болуы керек, оған оны оқыту әдістері арқылы қол жеткізеді. Науқасты емдеу және оңалту принциптерін, оның ішінде дәрі-дәрмексіз емдеу әдістерін саналы түрде қолдау үшін науқасты оқыту және одан әрі бақылау қажеттілігі, созылмалы аурулары бар науқастар жағдайын жақсартқан кезде емдеуді жиі тоқтататындығына және дәрігердің ұсыныстарын орындамайтындығына байланысты.

Қорытынды. «SF-36 өмір сүру сапасын бағалау» сауалнамасы нәтижелерінде науқастардың жалпы денсаулық жағдайы 28,2%-дан 82,1%-ға, физикалық функционалдык жағдайы 20,4%-дан 85,2%-ға көтерілді. Бұл жүргізілген жұмыстың нәтижелігін және науқасты үнемі қолдаумен мейіргер тарапынан науқастарға күтім жасауды оңтайландыру кезінде науқастардың өмір сүру сапасын едәуір жақсартуға қол жеткізуге болатындығын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Шулькина С.Г., Кокорин В.А.Мареев В.Ю. «Новые перспективы и реальные возможности в терапии больных с сердечной недостаточностью», [Therapy / Terapiâ](#) 2021; (6): 91-97. (7p).
2. Н.С. Акимова, О.В. Бугаева, И.М. Соколов, Е.Ю. Шварц, А.Р. Киселев., «Значение параметров тяжести хронической сердечной недостаточности в оценке когнитивной дисфункции у пациентов с ишемической болезнью сердца», [Therapy / Terapiâ](#) 2021; (3): 20-27. (8p)
3. О.Ю. Бастриков; У.В.Харламова; А.И. Захарова; Е.А. Припадчев; С.А. Шахов: «Оценка нутритивного статуса у пациентов с симптомами сердечной недостаточности», [Acta Biomedica Scientifica](#) 2020; 5(4): 14-20. (7p).
4. Антонюк Е.А. Козырев О.А. «Лечение хронической сердечной недостаточности в условиях реальной клинической практики», Смоленский медицинский альманах - №1, 2021.
5. Dunderdale K; Thompson DR; Beer SF; Furze G; Miles JNV: «Development and validation of a patient-centered health-related quality-of-life measure: the Chronic Heart Failure Fssessment Tool» [Journal of Cardiovascular Nursing](#) (J CARDIOVASC NURS), Jul/Aug 2018; 23(4): 364-370. (7p).

Седач Н.Н., Калбеков Ж.А., Большакова И.А., Жунусова С.У., Шозда К.Э.
Школа сестринского образования, Nika.417032@mail.ru
Медицинский университет Караганды, г.Караганда, Казахстан

УПРАВЛЯЕМАЯ САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТОВ КАК ВАЖНЫЙ КОМПОНЕНТ СОВРЕМЕННОГО СЕСТРИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Современные реалии неизбежно требуют постоянного совершенствования всех сфер жизнедеятельности. Медицинский вуз находится в постоянном поиске новых способов интенсификации образовательного процесса и мыслительной деятельности студентов. Расширение и умножение объема знаний и умений, которые студенты должны освоить для успешного вхождения в будущую профессиональную деятельность, требует новаций и методик социально-педагогического взаимодействия, соответствующих новым требованиям научной и практической медицины. И здесь важную роль играют такие средства и формы активизации учебно-познавательной деятельности студентов, которые способствуют их самостоятельной работе под руководством преподавателя, то есть управляемой самостоятельной работе студентов. Использование современных технических средств и инноваций должны помочь в реализации поставленных задач.

Цель. Проанализировать основные этапы организации самостоятельной работы студентов специальности «Сестринское дело» под руководством преподавателя в медицинском вузе Караганды.

Результаты и их обсуждение. СРСП сейчас является неотъемлемым элементом современной системы медицинского образования и обучения. Данная деятельность предусматривает двусторонний процесс, который осуществляется под контролем преподавателя, выполняется поэтапно и служит достижению поставленных целей. Но часть этой работы осуществляется без непосредственного участия преподавателя при максимальной самостоятельности и активности самого обучающегося.

Важное значение имеет планирование работы по конкретной дисциплине, необходимость продумывания механизмов мотивации и контроля самостоятельной управляемой работы студентов для успешного освоения ими профессиональных знаний и умений. Но на этом пути преподаватели и студенты встречаются с рядом трудностей. Прежде всего, это разная степень подготовки студентов, отсутствие навыка правильной организации и планирования времени, большая плановая загруженность студента, неумение самостоятельно обрабатывать, отбирать, структурировать и анализировать материал, недостаточное информационно-методическое обеспечение, отсутствие навыков работы с научными источниками и тяготение к научно-публицистическим работам и таким источникам как *Wikipedia*, *studopedia.ru*, www.studfiles.ru, allbest.ru, allrefs.net и др.

Следовательно, эта работа гораздо более «управляемая» чем «самостоятельная», особенно на первых курсах, когда с помощью преподавателя происходит закладка и закрепление навыков самоорганизации и постепенного перехода от внешнего управления под воздействием преподавателя к внутреннему самоуправлению. Именно поэтому, СРСП в своей конечной цели должны быть направлена на развитие таких компетенций будущих специалистов сестринского дела как самостоятельность, самоорганизованность, ответственность, целеустремленность, а также способность к когнитивной, коммуникативной и творческой деятельности.

Задания для СРСП могут быть следующего характера: репродуктивные (имитационно-воспроизводительные), когда студенты выполняют их по образцу (решение ситуационных задач, заполнение таблиц и т.д.), при этом самостоятельность студентов минимальна и сводится к выполнению ряда указаний и предписаний; реконструктивные, предполагающие большую самостоятельность студентов и включающие такие задания как составления плана, тезисов, анонсов, рефератов и т.д.; творческие, требующие от студентов анализа проблемной ситуации и на ее основе создания нового материала. На этом уровне самостоятельность студента достигает максимума, так как требует от него умения отобрать информацию, найти альтернативные источники, выбрать средства и методы решения поставленной задачи. Примерами таких заданий являются, например, научно-исследовательские работы и проекты, дипломные работы.

На этапе планирования преподаватель должен определить объём, виды и характер выносимой для СРСП информации, продумать технику, периодичность и формы контроля знаний, сроки выполнения, обеспечить систематическую работу с учетом специфики дисциплины.

СРСП – это двусторонний процесс, в котором личность и персональные качества студента влияют на характер и качество выполнения им заданий. При организации такой деятельности необходимо учитывать индивидуально-психологические особенности студентов и степень их взаимодействия как с преподавателем, так и между собой. СРСП должна быть направлена на формирование максимальной самостоятельности студентов в отборе материалов, источников и способов реализации поставленных задач, развитие мыслительной деятельности студентов и самоконтроля.

Контроль и оценка этой работы является важным и необходимым этапом организации и управления самостоятельной работы студентов. Основными критериями здесь выступают оценка умения студента структурировать материал, находить главное, использовать теорию в решении практических задач, оформление работы в соответствии с требованиями, а также степень самостоятельности студента при выполнении работы.

Формами контроля могут быть устный, письменный ответ, индивидуальный, фронтальный опрос, тестирование, включение вопросов в экзаменационные билеты, защита рефератов и проектов, выступление на конференциях, круглых столах, конференциях, олимпиадах и др. Контроль может быть текущий, который проходит в рамках семинарских и практических занятий, контрольных работ, тестирования, проверки конспектов, защиты рефератов и др.; промежуточный: по завершению блока тем; итоговый: на зачетах, экзаменах.

В процессе организации управляемой самостоятельной работы студентов преподаватель проводит консультирование для оказания помощи в осуществлении работы и оценивания степени понимания студентами поставленных перед ними задач. В арсенале преподавателя есть большой выбор заданий: составление конспекта лекции или семинара; реферирование и аннотирование статей; поиск литературы по теме; сбор материалов по заданной теме; составление плана; подготовка выступлений и рефератов; составление хронологических таблиц; подготовка докладов и презентаций на конференции и семинары; выполнение проектов; кейс-метод; портфолио; составление схем и таблиц; эссе и др. Формы проведения работы могут быть как индивидуальные, так и групповые.

Поскольку инновационное образование направлено на развитие самостоятельной деятельности человека, важно сделать упор на профессиональную направленность обучения. Обучающие задания должны представлять собой трёхуровневую систему: низкий, средний, высокий. Распределение заданий по уровням обусловлено неравномерной успеваемостью студентов и степенью интеллектуальной подготовки.

Основная цель поставленных задач на каждом уровне – это формирование и закрепление арсенала знаний и умений с учетом перехода студента на более высокий интеллектуальный уровень. СРСП позволяет и помогает установить качественно новые отношения между преподавателем и студентом, поскольку

отсутствует силовой темп работы. Последнее определяется самим студентом, который учится распределять и экономить время, отведенное на изучение темы, в процессе самостоятельной работы над учебными задачами. Другими словами, в процессе самостоятельной учебной деятельности студент выбирает кратчайший путь усвоения необходимого объема учебного материала. Эта деятельность носит характер активной, целенаправленной самостоятельной работы с учебными задачами с индивидуальной консультативной помощью преподавателя.

Таким образом, отличительной чертой СРСП является ее индивидуальный характер. Под индивидуализацией следует понимать организацию учебного процесса с учетом индивидуальных способностей студентов, подразумевая более интенсивную работу с более подготовленными студентами, деление заданий по степени трудности, а также на основные, то есть обязательные и дополнительные, то есть творческие, организация регулярных консультаций для студентов, определение сроков выполнения заданий и критериев их оценки.

Безусловно, следует понимать, что качество СРСП зависит в том числе и от наличия учебно-методических и других информационных материалов на кафедре. Более того, для успешной реализации управляемой самостоятельной работы студентов, чтобы избежать перегрузки студентов, необходимо согласование графика ее проведения между кафедрами, что отражается в силлабусе по дисциплине.

Выводы. Самостоятельная работа студентов специальности «Сестринское дело» под руководством преподавателя, в условиях инновационного медицинского образования, играет важную роль в обучении и формировании профессионально-личностных компетенций будущих специалистов сестринского дела. Данная работа должна носить систематический и комплексный характер, быть направлена на развитие самостоятельности, ответственности и творчества студентов.

Список литературы

1. Волков Ю.Г. Самостоятельная работа студентов: практическое пособие / Ю.Г. Волков, А.В. Лубский, А.В. Верещагина. – Москва: Кнорус, 2020 – 142 с.
2. Щекудова С.С. Организация самостоятельной работы студентов: практическое руководство / С.С. Щекудова. – Гомель: ГГУ им. Ф. Скорины, 2015. – 47 с.

Асанпаша Г.М., медицина факультеті, 4 курс, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, e mail:

asanpasha@bk.ru

Ғылыми жетекші: Оспанбек А. К., жедел медициналық көмек және мейіргер ісі кафедрасының ассистенті, м.ғ.магистрі, e-mail: aikokenes@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ ӘЙЕЛ АДАМДАРДАҒЫ ЗӘР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУ ЖИІЛІГІ

Өзектілігі. Қазақстан Республикасында зәр ұстамау белгілері постменопаузадан кейінгі және егде жастағы әйелдердің арасында жиі кездеседі. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтер бойынша, зәрдің еріксіз бөлінуінен зардап шегетін науқастардың жартысынан көбінде (57 %) зәр ұстамау белгілерінің тұрақты сипаты диагностикаланған [1]. Әйелдерде зәрдің еріксіз бөліну симптомы өте кең таралған және қазіргі таңда ауруды консервативті және хирургиялық жолмен емдеу қиын болып табылады [2]. Еуропалық және американдық статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 40-60 жас аралығындағы әйелдердің шамамен 45% - ы еріксіз зәр шығару белгілерін атап өтеді деп хабарлайды [3]. Халықаралық зәр шығару қоғамы (ICS) зәр шығаруды терең талдауды қажет ететін негізгі проблема ретінде анықтады. С. Н.Буянова мен В. Д. Петрованың мәліметтері бойынша, 40% жағдайда зәр ұстамау стресстік сипатқа ие және іштегі қысымның жоғарылауымен көрінеді (жетел, жүру, күлу, ауырлықтың жоғарылауы), шамамен 25%-да императивті шақырудың салдарынан ургентті зәрді ұстамау белгілері байқалады, ал 25% жағдайда аралас инконтиненция кездеседі [4].

Егде жастағы әйелдердегі зәрдің еріксіз бөліну симптомы науқастарға қолайсыздық тудырта отырып, күнделікті белсенділікті қиындатады. Егде жастағы әйелдерде жыныс мүшелерінің пролапсымен зәр шығару жүйесінің бұзылуы мына симптомдармен ұласады: зәр ұстамау, қуықтың артқы қабырғасының түсуі, зәр шығару жолдарының инфекциясы, қуықтың сыйымдылығының төмендеуі [3].

Сондай ақ, еріксіз зәрдің бөлінуі ауыр психикалық жарақатқа, невроздың дамуына байланысты физикалық және моральдық азапқа шалдығуына бірден бір әсер етуі мүмкін жетекші факторлардың бірі болып табылады [2]. Ургентті және аралас зәр ұстамаудан зардап шегетін егде жастағы әйелдерде қатар жүретін аурулардың болуымен, депрессиямен, күнделікті белсенділіктің төмендеуімен және нәжістің ұстамауымен айқын байланыс бар екендігі анықталды [5]. Осылайша, халықтың өмір сүру ұзақтығының ұлғаюының жаһандық тенденциясы, егде жастағы науқастарда зәр шығару мен ұстамаудың жоғары жиілігі, жасқа байланысты өзгерістер мен дисфункцияларға байланысты төменгі зәр шығару жолдарының белгілері арасындағы "қиын" дифференциалды диагноз, қатар жүретін аурулар мен дәрі-дәрмек терапиясына байланысты диагностикалық және емдеу тактикасының ұтымды әдістерін қолдану қажеттілігін тудыратыны анықталды [6].

Зерттеудің мақсаты: Егде жастағы әйел адамдардағы зәр шығару бұзылыстарының таралу жиілігін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттелетін контингенттің сипаттамасы: «Otau med» клиникасында тіркелген 65-тен 93 жас аралығындағы (орта жасы $72,3 \pm 4,5$ жыл) егде жастағы 32 науқас.

Зәр шығару бұзылыстарының таралу жиілігін анықтау барысында сауалнама, сұқбаттасу әдістері қолданылды. Зерттеуге әйел адамдардағы зәр ұстамау белгілерін бағалайтын 8 сұрақтан құралған LISS шкаласы қолданылды. LISS сауалнамасының нәтижесінің интерпретациясы негізінде зәр ұстамау белгілерін бағалаудың жалпы баллдық шкаласы: 1 - 12 балл = жеңіл дәреже; 13 – 25 балл = орташа дәреже; 26 - 40 балл = ауыр дәреже.

Сонымен қатар, зерттеуге алынған науқастар соңғы екі апта мерзімінде зәр шығару күнделігін толтырып отырды. Зәр шығару күнделігінің нәтижесінің интерпретациясы:

1. жеңіл дәрежелі зәр шығару бұзылысы: зәр шығару алдындағы ургенттілік бар, бірақ оған шыдау оңай
2. орташа дәрежелі зәр шығару бұзылысы: зәр шығару алдындағы ургенттілік жеткілікті ыңғайсыздықты тудырады және күнделікті белсенділікке кедергі келтіреді
3. ауыр дәрежелі зәр шығару бұзылысы: қолайсыздықты тудыратын және әдеттегі істермен айналысуға мүмкіндік бермейтін ауыр шыдамсыз зәр шығару алдындағы ургенттілік.

Алынған деректерге статистикалық талдау жұмыстары Microsoft Excel бағдарламасы арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижелерін объективті бағалауды жүргізу үшін дәлелді медицина әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесі. Науқастар арасындағы зәрдің еріксіз бөліну дәрежесі бойынша зәр шығару бұзылыстарының таралуы ("LISS" сауалнамасы): 6 науқаста (19.31%) зәр шығару бұзылыстары анықталмады, зәрдің еріксіз бөлінуінің жеңіл дәрежесі 10 науқаста (31.12%), орташа дәрежелі бұзылулар 12 науқаста (36.47%) және ауыр дәрежедегі бұзылулар 4 науқаста (13.1%) анықталды.

Сұқбаттасу және зәр шығару күнделігінің нәтижелері бойынша зәрдің еріксіз бөлінуінен зардап шегетін науқастарды мазалайтын приоритетті шағымдар: 13 науқас (41.15%) түнгі уақытта 3 не одан да көп мәрте зәр шығару үшін тұруға тура келеді, зәр шығару алдындағы ургенттілік 18 науқасты (55.1%) мазалайды. Сонымен қатар, тыныштық жағдайда еріксіз зәр бөлінуі 4 науқасты (12.13%), жөтелу, түшкіру немесе қатты қобалжығанда еріксіз зәр бөлінуінен 11 науқас (33.8%), физикалық жүктеме кезінде еріксіз зәр бөлінуінен 17 науқас (53.9%) зардап шегеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, зәрдің еріксіз бөлінуінен 80.69% (n=26) науқас зардап шегетіні анықталды. Тыныштық жағдайда еріксіз зәр бөлінуі 12.13% науқастарды мазалайды. Науқастардағы айқын зәр шығару бұзылыстары өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Әдебиеттер

1. А. Дюсембаев, К.С.Ормантаев, М. Санбаев, М.Т Аубакиров \\ «Урология» Алматы 2018\\ 12-28 бб.
2. Åström, Ylva; Asklund, Ina; Lindam, Anna; Sjöström, Malin. Quality of life in women with urinary incontinence seeking care using e-health\\BMC Women's Health (BMC WOMENS HEALTH), 9/20/2021; 21(1): 1-9. (9p)
3. Е.В. Пискунова \\ Автореферат\\ Лечение недержания мочи у больных с ожирением\\ Р.Ф. 2016; 8-34 стр.
4. Куренков, А.В. Сравнительная оценка МРТ и рентгенологического исследования у женщин со стрессовым недержанием мочи / А.В. Куренков, С.Б. Петров, Г.Б. Труфанов, А.В. Мищенко // Тез. Докл XI съезда урологов России. М., 2017. – С 64
5. Петров, С.Б. Новая синтетическая петля для хирургического лечения недержания мочи у женщин / С.Б. Петров, А.В. Куренков, Д.Д. Шкарупа, В.А. Жуковский // Сборник трудов 3-ей Международной конференции «Малоинвазивные методы диагностики и лечения в современной урологии». Санкт-Петербург, 2-3 марта 2016 г. – С. 29-30
6. Куренков, А.В. Результаты исследования качества жизни у больных пожилого и старческого возраста / А.В. Куренков, Б.К. Комяков, С.А. Семенов // «Врач-аспирант», 2013 г. Т. 6.2 (61), С. 278-282

Бижанова А.Д., «Мейіргер ісі» мамандығының 1 –курс магистранты, e-mail: aygerim_bizhanova@bk.ru
Ғылыми жетекші: Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент
Сейдахметова А.А., e-mail: azat-seidahmetova@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚАНТ ДИАБЕТИМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTU

Кіріспе. Қант диабеті - бүкіл әлемдегі жаһандық проблема. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, бүгінгі күні диабетпен 422 млн адам зардап шегеді, бұл бүкіл әлем халқының 6,028% - ын құрайды. Қант диабетімен сырқаттанушылық статистикасы жыл сайын өсуде [1]. Егер жағдай сол қарқынмен дамиды болса, онда 2025 жылға қарай диабетпен ауыратын науқастардың саны 2 есе артады. 2030 жылға қарай қант диабеті бүкіл әлемде өлімнің 7-ші себебі болады [2, 3].

Қазақстан Республикасында соңғы уақытта қант диабетімен ауыратындардың саны қарқынды өсуде. 2016 жылы қант диабетімен ресми тіркелген науқастардың саны 379 942 адамға дейін өсті, бұл республика халқының 2,1% - ын құрайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау статистикалық деректері бойынша Қазақстан Республикасында 2016 жылы әйелдер арасында диабетпен ауыратын пациенттердің таралуы (11,7%) ерлерге қарағанда (11,3%) сәл артық.

Қазақстан Республикасының ұлттық тіркеліміне сәйкес республикада қант диабетімен ауыру жоғары, медициналық-әлеуметтік көрсеткіштер бойынша жүрек - қан тамырлары және онкологиялық аурулардан кейін 3-орын алады [5].

Қазақстан Республикасының Ұлттық тіркелімінің деректері бойынша жасалған картада қант диабетімен ауыратын ресми тіркелген науқастардың өсу үрдісі байқалады [6]. Қант диабеті бойынша ең көп таралған облыстарға елдің солтүстік өңірлері мен Орталық Қазақстан жатады, ал ең аз таралғанына Батыс өңірлер жатады. Біздің республикада қант диабетін және диабет алдындағы жай-күйді анықтау бойынша [7], сондай-ақ алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде скринингтік бағдарламалар жеткілікті түрде жүйелі түрде жүргізіледі.

Қант диабетімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасында мейірбике ісін сауатты және тиімді ұйымдастыру маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Алайда, қант диабетімен және оның асқынуларымен күрес мамандандырылған медициналық қызметтің барлық буындарының келісілген жұмысына ғана емес, сонымен қатар қант диабеті кезінде көмірсулар алмасуын өтеу бойынша мақсатты міндеттерге қол жеткізе алмайтын науқастардың өздеріне де байланысты, ал оның бұзылуы тамырлы асқынулардың дамуына әкеледі.

Қант диабетімен және оның салдарымен күресуде, сондай - ақ пациенттерде аурудың ағымын жеңілдету үшін емдеу-алдын алу мекемелерінің құрамында функционалдық негізде профилактикалық шаралардың ұйымдастырылуы маңызды.

Мақсаты. Қант диабетімен ауыратын пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартудағы профилактикалық оқыту әдістерінің тиімділігін талдау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу үшін 50-ден 70 жасқа дейінгі (орташа жасы $55,7 \pm 7,5$ жас) 20 науқас іріктеліп алынды, олар оқу бағдарламасына алғаш рет қатысты. Оқитындардың көпшілігі 66,7% әйелдер болды. Аурудың орташа ұзақтығы $11,7 \pm 4,1$ жыл болды. Науқастардың өмір сапасын анықтау мақсатында Euroqol сауалнамасы алынды.

"Облыстық клиникалық аурухана" базасында ұйымдастырылған бағдарлама жұмысының нәтижелеріне ретроспективті талдау жүргізілді. Оқыту шағын топтарда (4-6 адам) "қант диабеті" жобасы аясында әзірленген бағдарлама бойынша жүргізілді. Бағдарламада «Қант диабетін бақылау дағдыларын меңгеру», «Қант диабеті ауруы бар адамдардың денсаулық жағдайын бағалаудың заманауи әдістерін меңгеру», «Күнделікті өмірге ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізу», «Тренингке қатысушыларды стресстік жағдайға бейімделуге үйрету» атты міндеттер қойылып ұйымдастырылды. Материал түсінікті түрде көрнекі (слайдтар, жадынамалар) сүйемелдеумен баяндалды.

Нәтижелері. Қант диабетімен ауыратын науқастарды тексеру және диабеттің алдын алу мәселелері бойынша хабардар болуының төмен деңгейі анықталды. Науқастардың 57,1% - ында комплаенстің төмен деңгейі, яғни науқастың өзінің жай-күйінің ауырлығын бағалаудың төмен барабарлығы және оң қабылдаудың болмауы анықталды.

EuroQol сауалнамасының нәтижелері бойынша науқастардың 60% өзінің денсаулық жағдайын 60-70 шкаласы аралығында бағалады, 25% науқастар шкала бойынша 50 деп бағалады, қалған 15% науқас 80 шкаласын атап көрсетті.

Сауалнамадан кейін өзін-өзі бақылауға ынталандыру науқастың 77,4% - ында пайда болды. 81,1% - ы оқудан кейін емдік тамақтану қағидаттарында бағдарланды. 57,8% - ы глюкоза деңгейінің мақсатты көрсеткіштері туралы хабардар болды.

Науқастардың жалпы жағдайын динамикада бағалау кезінде оқыған 48,6% науқас диетаны қатаң сақтай бастағанын көрсетті, бұл қандағы қант деңгейінің қалыпқа келуіне әкелді. Сабаққа үнемі қатысатын диабеттік науқастардың 60% - ында емге бейімделудің қалпына келуі байқалды, бұл көңіл-күй мен өнімділіктің жоғарылауымен, ұйқының жақсаруымен, сондай-ақ өмір сүруге деген ынтаның жоғарылауымен сипатталды.

Қорытынды. Қант диабеті оқыту бағдарламасына қатысу науқастар үшін жеткілікті емдік тиімділікке ие болды. Бағдарламада оқытудың негізгі мақсаты науқастардың көпшілігі асқинулардың алдын-алу және медициналық тамақтану принциптерін игеру әдістері бойынша дағдыларды дамытуды қарастырады. Нәтижесінде науқастар қант диабеті және оның ағымының ерекшеліктері, өзін-өзі бақылау және ұтымды тамақтану принциптері, гипогликемиялық терапияның мақсатты көрсеткіштері мен тиімділігінің критерийлері туралы білімдерін жетілдіре алды. Сонымен, сабақтар науқастардың ауруларындағы құзыреттілігін арттырды, олар өз жағдайында жақсы бағдарланған болды, бұл олардың өмір сүру сапасын тікелей жақсартады.

Әдебиеттер

1. Forbes JM, Cooper ME. Mechanisms of diabetic complications. *Physiol Rev.* 2013.
2. Yrovolas S, Koyanagi A, Garin N. Diabetes mellitus and its association with central obesity and disability among older adults: a global perspective. *Exp Gerontol.* 2015;
3. Chentli F, Azzoug S, Mahgoun S. Diabetes mellitus in elderly. *Indian J Endocrinol Metab.* 2015; 19;
4. Lim U, Ernst T, Buchthal SD. Asian women have greater abdominal and visceral adiposity than Caucasian women with similar body mass index. *Nutr Diabetes.* 2011.
5. Parra DI, Romero Guevara SL, Rojas LZ. Influential factors in adherence to the therapeutic regime in hypertension and diabetes. *Invest Educ Enferm.* 2019 out;37(3).
6. Salci MA, Meirelles BHS, Silva DMGV. Health education to prevent chronic diabetes mellitus complications in primary care. *Esc Anna Nery.* 2018;22.
7. Salci MA, Meirelles BHS, Silva DMGV. Primary care for diabetes mellitus patients from the perspective of the care model for chronic conditions. *Rev latinoam. Enferm.* 2017.

Бурибекова З. М. – « Мейіргер ісі » білім беру бағдарламасының I курс магистранты
e-mail: zaure.buribekova@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к.,
доцент Сейдахметова А.А., e-mail: aiyat-seidahmetova@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ЖАТЫР МОЙНЫҢ ҚАТЕРЛІ ІСІК АУРУЫН ЕРТЕ АНЫҚТАУ ҮШІН СКРИНИНГТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Кіріспе. Жатыр мойны обырына (ЖМО) шалдығу жыныстық белсенділіктің ерте басталуы мен, бірнеше жыныстық серіктестермен, темекі шегумен, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігімен, дұрыс тамақтанбағандықтан, контрацептивтерді қолданбағандықтан және иммуносупрессиямен байланысты.[1].

Репродуктивті жастағы әйелдердің гинекологиялық ауруларының арасында жатыр мойны патологиясы 35-40% жағдайда кездеседі. (ЖМО) -бұл қазіргі уақытта ең жиі кездесетін онкологиялық ауру болып табылады [2]. Бұл барлық қатерлі ісіктердің шамамен 58% құрайды. Жатыр мойны обыры көп әйелдер арасында кең таралған қатерлі аурулар. Құрылымында репродуктивті жүйенің қатерлі ісіктері (ЖМО) 46% - ды құрайды. (ЖМО) таралуы бойынша, әлемдегі онкологиялық аурулар және әйелдер өлімінің себептері арасында бірінші орында тұрады [3-4].

Қазақстанда 2019 жылға дейін нысаналы топ жас әйелдер болды, олар 30 - 60 жас аралығындағы жатыр мойны обырына байланысты диспансерлік есепте тұрмаған әйелдер. 2020 жылдан бастап жатыр мойны обыры бойынша диспансерлік есепте тұрмайтын 30-70 жастағы әйелдер скринингтен өте алады. Жатыр мойны обырын ерте анықтауға скрининг кезеңіде қамтиды: 1) дәстүрлі әдіспен немесе Бетесда терминологиялық жүйесі бойынша интерпретациялай отырып, сұйықтық цитология әдісін пайдалана отырып, жүргізілетін Папаниколау бойынша бояумен жатыр мойнынан жағындыны цитологиялық зерттеу

(Pap –тест), 2001; 2) Бетесда терминологиялық жүйесі бойынша цитологиялық қорытындылар кезінде терендетілген диагностика (кольпоскопия, биопсия, гистологиялық зерттеу) [4].

Жатыр мойны обырының жоғары әлеуметтік маңыздылығы, жүргізілетін жатыр мойны скринингінің кемшіліктері осы аурудың диагностикасын жетілдіру саласындағы зерттеулердің алғашқы шарты болып табылады [5].

Зерттеу мақсаты: «Шымкент қ., №6-қалалық емханасында» жатыр мойнының қатерлі ісігі ауруын алдын алуда сауалнама жүргізу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу «Шымкент қ., №6-қалалық емханасында» тіркелген 48 әйелдерден алынды. Науқастардың жасы, жынысы, әлеуметтік-этникалық, клиникалық көрсеткіштері есепке алынды. Зерттеуге қатысқандар 30-60 жас аралығындағы әйелдер. Науқастардың ортақ жасы 48 жастағы әйелдер болды. Зерттеуге өмір сапасына әсер ететін аурулары бар науқастар (созылмалы ауырлары, жатыр мойнында «Эрозия» аурулары) енгізілмеді. Скринингтің тиімділігін талдау кезінде деректер базасы мен мұрағат материалдары пайдаланылды зертханалар, бұл жылдам іздеуге мүмкіндік берді алынған нәтижелерді салыстыру материалды қайта алу және патологиялық динамикадағы процесстер жүргізілді. Зерттеуге келген әйелдер мейіргердің бақылауында және психологиялық қолдауында болды.

Әйелдерге сауалнамалар жүргізілді. Сауалнама 15-сұрақтан тұрады. Сауалнамамен қоса науқастың шағымдарының динамикасы (бел тусының, қасағаның, жатыр аймағының ауруларында) объективті деректер (қынаптан жағымсыз, иісті биологиялық сұйықтықтардың бөлінуімен) талданды. Сауалнама деректерін нәтижесі 0-ден 100 дейінгі баллдық жүйе арқылы шығарылды.

Нәтижелері. Сауалнама нәтижесінде скрининг жүргізілетін уақыттың әйелдердің күн тәртібіне сәйкес келмеуі. Скрининг туралы мәліметтерді мейіргерлер әйелдерге дұрыс жеткізбеуі.

Сауалнамадан кейінгі деректер: сауалнамаға 10 әйел 30-40 жас аралығындағы 20,8%, 18 әйел 40-50 жастағы 37,5%, 20 әйел 50-60 жас аралығында 41,7%, Сауалнама сұрақтары бойынша қатерлі ісік ауруы емделме деген сұраққа: 27 әйел ия 56,2%, 16 әйел жоқ 33,4%, 5 әйел 10,4% жауап беруге қыйналамын деп жауап берді. Қатерлі ісікті алдын ала анықтау емдеуге көмектесем деген сұраққа: 35 әйел ия 72,9%, 10 әйел жоқ 20,9%, 3 әйел 6,2% білмеймін деп жауап берді. Қатерлі ісік ауруын ертерек анықтау үшін скринингтен өтуі керек пе деген сұраққа: 27 әйел ия 56,2 %, 13 әйел жоқ 27,1%, 8 әйел 16,7% жауап беруге қыйналамын деп жауап берді.

Жатыр мойны ауруларын алдын алу, емдеу және оңалту үшін әйел өзінің ауруы туралы белгілі бір білімге ие болуы керек. Білімі бар мейіргер Скринингтің тиімділігін әйелдерге оқыту әдістері арқылы қол жеткізіледі. Скринингтің тиімділігі науқасты емдеу және оңалту принциптерін саналы түрде қолдау үшін науқасты оқыту және одан әрі бақылау қажеттілігі, созылмалы аурулары бар науқастар жағдайын жақсартқан кезде емдеуді жиі тоқтататындығына және дәрігердің ұсыныстарын орындамайтындығына байланысты.

Қорытынды. Сауалнама нәтижесінде скринингке 50-60 жас аралығындағы әйелдер жиірек келеді. Қатерлі ісік емделме деген сұраққа: 27 әйел ия 56,2% деп жауап берді. Қатерлі ісікті алдын ала анықтау емдеуге көмектесем деген сұраққа: 10 әйел жоқ 20,9%, 3 әйел 6,2% білмеймін деп жауап берді

Әлеуметтік қызмет нәтижесінде өсу байқалды эмоционалдық бұзылулардың ауырлығын төмендету, эмоционалды тұрақтылықты қамтамасыз ету және мүмкіндіктерді арттыру отбасында да, жұмыс ұжымында да пациенттің әлеуметтік бейімделуі. Жалпы алғанда, талдау қолданудың клиникалық тиімділігін айқын көрсетеді арнайы және адаптивті әдістерді жатыр мойнының қатерлі ісіктерін алдын алу үшін скрининг жүргізу. Деректермен бірге емдеу тиімділігінің артуын және мерзімдердің ұлғаюын куәландыратын клиникалық бақылау.

Әдебиеттер

1. Семиглазов В.Ф., Семиглазов В.В. Скрининг рака шейки матки// Практическая онкология. -2020. -Т. 11, № 2. -С. 60–65.
2. Стенсволд Э., Магельсен Х., Оскам И.С. Меры по сохранению фертильности для девочек и молодых женщин, больных раком. 2019; 131: 1429—32.
3. Волошина Н.Н., Волошин Н.А. Скрининг и профилактика рака шейки матки. Запорожье. 2019. С. 81-113.
4. Мусина Д.С. и др. Административные барьеры реализации скрининговых программ на раннее выявление онкологических заболеваний // Наука и здравоохранение. - 2019. -Т. 5. -С. 57–67.
5. Ковчур П.И., Бахидзе Е.В. Эффективность применяемой модели скрининга и ранней диагностики рака шейки матки в Карелии. Вопросы онкологии. 2019. Т. 60. № 3. С. 298-305. Kovchur P.I., Bakhidze E.V. Effektivnost' primenyuemoj modeli skringa i ranney diagnostiki raka sheyki matki v Karelii. Voprosy onkologii. 2019. T. 60. № 3. S. 298-305.

Касимова К.К., «Мейіргер ісі» мамандығының 1 –курс магистранты, e-mail: kasimova095@inbox.ru
Ғылыми жетекші: Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент
Сейдахметова А.А., e-mail: azat-seidahmetova@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ПАЛЛИАТИВТІ КӨМЕКТІҢ АМБУЛАТОРЛЫ ЖАҒДАЙДА ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Кіріспе. Қазіргі қоғамдық пікір осындай, медицинаның қазіргі деңгейіне қол жеткізгеніне қарамастан, қатерлі ісік диагнозы (аурудың сатысына қарамастан) өмірдің ерте аяқталуына әкелетін өлім үкімі ретінде қарастырылады. Алайда, бұл олай емес, ерте кезеңде анықталған қатерлі ісік емделеді, ал онкологиялық аурудың асқынған түрі бар науқастарға келетін болсақ, мұнда бәрі әлі де жоғалған жоқ және үмітсіз. Науқастың қасіретін жеңілдетуге, оның адамдық қадір-қасиетін сақтауға, оның қажеттіліктерін анықтауға және оның соңғы кезеңінде өмір сүру сапасын сақтауға бағытталған паллиативтік шаралар кешені бар. Сонымен қатар паллиативтік көмектің міндеттеріне науқастың отбасына әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету кіреді [1]. Терминалды сатыдағы қатерлі ісікпен науқас отбасылық дисфункцияның себебі болады, өйткені бұл туыстары мен достары үшін үлкен моральдық күйзеліс тудырады, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және психологиялық қиындықтарды тудырады, бұл олардың өмір сүру сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бүкіл отбасы. Науқасқа жаны ашитын, жанашыр туыстары көбіне дәрменсіз күйде, мұндай жағдайларда қалай әрекет ету керектігін білмей, мәселені шешудің түрлі жолдарына жүгінеді, бірақ үмітсіз күйде қалады. Науқастың туыстары, көбінесе терең моральдық бұзылу жағдайында, науқасқа қалай дұрыс күтім жасау керектігін білмей, ауыр жүкті иықтарына алады, қай жерде ауырған дұрыс: үйде немесе астында дәрігерлер мен медбикелердің бақылауында, егер науқас не істеу керек ауырсындан зардап шегеді ме? Көпсалалы паллиативтік көмек тобын құру туралы мәселе бірнеше рет көтерілді, ол ауыр онкологиялық науқастарға үйіне баруға мүмкіндік береді [2].

Мақсаты. Шымкент қаласы тұрғындарының паллиативтік көмек туралы білім деңгейін зерделеу және анонимді сауалнама нәтижелері бойынша паллиативтік көмектің көп бейінді командасын құру қажеттілігін анықтау.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Шымкент қаласы тұрғындарының паллиативтік көмек туралы білім деңгейін зерделеу және паллиативтік көмектің көп бейінді командасын құру қажеттілігін анықтау үшін тұрғындар арасында екі кезеңде анонимді сауалнама жүргізілді. Қадамдар паллиативтік көмек туралы қысқаша ақпараттық хабарламамен бөлінген. Кездейсоқ іріктеу әдісімен зерттеуге Шымкент қаласының тұрғындары 18 бен 45 жас аралығындағы 50 респондент қатысты. Респонденттердің орта жасы 30 ± жас. Респонденттердің 27 (54%) ер адам, 23 (46%) әйел адам. Ұсынылатын команда құрамы: 1 паллиативтік көмек маманы, 1 онколог, қоғамдық дәрігер, 1 медбике, 1 психолог, 1 әлеуметтік қызметкер, 1 волонтер, 1 заңгер. Қажет болса, діни қызметкерді қосуға болады [3].

Нәтижелері. Алынған мәліметтерді талдау кезіндегі нәтижелері: сауалнамаға қатысқан респонденттердің жартысынан көбі паллиативтік көмектің не екенін біледі. 50 респонденттен: 31 (62%) паллиативтік көмектің дұрыс тұжырымдамасын таңдады; 9 (18%) паллиативтік көмектің не екенін білмейді; 6 (12%) респондент паллиативтік көмекті шетелде тегін емделу деп есептесе, 4 (8%) респондент жалғызбасты адамдарға тегін көмек көрсетумен айналысатын ұйым деп есептеді. Респонденттерге паллиативтік көмек туралы қысқаша ақпараттық хабарламадан кейін қатысушылар екінші кезеңге қатысуды ұйғарды. Екінші кезеңде барлығы дерлік мультидисциплинарлық паллиативтік көмек тобын құру қажет деп жауап берді: 46 респондент (92%) «иә», 4 респондент (8%) «жоқ» деп жауап берді [4].

«Иә, мультидисциплинарлық паллиативтік көмек тобын құру қажет» деп жауап берген респонденттер өз пікірлерін келесі дәлелдермен түсіндірді; 31 (62%) респондент мультидисциплинарлық паллиативтік көмек көрсету тобы қаржылық қиындықтарға тап болған науқастар мен олардың жақындарына жақсы қолдау болып табылады деп есептейді; мультидисциплинарлық паллиативтік көмек тобы суицид деңгейін төмендетеді деп 7 (14%) жауап берді; 6 (12%) паллиативтік көмектің көп бейінді командасы терминалды кезеңде пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жаңа мемлекеттік бағдарламалар мен заңдарды әзірлеуге көмектеседі деп есептейді; 2 (4%) мультидисциплинарлық паллиативтік көмек командасы медициналық көмектің сапасын арттыруға көмектеседі деп есептейді.

«Көп бейінді паллиативтік көмек тобын құрудың қажеті жоқ» деп жауап берген респонденттер келесі дәлелдерді ұсынды. 2 (4%) респондент мультидисциплинарлық паллиативтік көмек тобын құрудың қажеті жоқ, өйткені оны қаржыландыру жоқ, 1 (2%) респондент көпсалалы паллиативтік көмек бригадасын құрудың қажеті жоқ, өйткені қалада жақсы қолжетімді медициналық мекемелер бар деп жауап берді; 1 (2%) респондент мультидисциплинарлық паллиативтік көмек бригадасын құрудың қажеті жоқ, себебі медициналық кадрлардың тапшылығы проблемасы бар деп жауап берді [5].

Қорытынды. Сауалнама нәтижелерін зерделей келе, Еуропа елдерінде ол ұзақ уақыт бойы көрсетіліп, хоспистерде табысты қызмет атқарса да, Шымкент қаласының тұрғындары паллиативтік көмек түсінігімен әлі де таныс емес деген қорытынды жасауға болады. Көпсалалы паллиативтік көмек командасын құру идеясына келетін болсақ, респонденттердің 100% қолдауы болды. Көп бейінді паллиативтік көмек тобын құру науқастар мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Сақтағанова А.А. Мейірбикелік істегі қарым-қатыныс. Журн. Мейірбике ісі. -2016ж. С. -9-10.
2. Кайдарова Д.Р., Кунирова Г.Ж. Паллиативная помощь в Казахстане: этапы развития и текущие вызовы. Онкология и радиология Казахстана, 2016, 41 (3), 114-121.
3. «Об утверждении Программы развития онкологической помощи в еспублике Казахстан на 2012—2016 годы». Постановление Правительства еспублики Казахстан от 29 марта 2012 года №366.
4. О.Ю. Кузнецовой Под редакцией профессора О.Ю.Паллиативная помощь в амбулаторных условиях. Москва ГЭОТАР - Медиа 2021.
5. Введенская Е.С., Доютова М.В. Место онкологических больных в формирующейся системе паллиативной медицинской помощи в Нижегородской области. //Тезисы VIII Съезда онкологов и радиологов СНГ и Евразии. Евразийский онкологический журнал. - No 3 (3). -2016 г.—с. 892.

Қадыр А.Ж. , медицина факультеті, 1 курс, e mail: kadirov.707@mail.ru
Ғылыми жетекші: Оспанбек А. К., м.ғ.магистрі, жедел медициналық көмек және мейіргер ісі
кафедрасының ассистенті, e-mail: aikokenes@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы., Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ ЕР АДАМДАРДАҒЫ ЗӘР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ ТАРАЛУ ЖИІЛІГІ

Өзектілігі. Ер адамдардағы төменгі зәр шығару жолдарының бұзылыстарының белгілері көбінесе 60 жастан асқан ерлердің 60% - ында кездеседі [1]. Ерлердегі зәр шығару жолдарының спецификалық емес қабыну ауруларының арасында созылмалы бактериялы простатит ерекше орын алады, бұл өте жиі кездесетін патология. Оларды зерттеудегі жетістіктерге және емдеудің заманауи тәсілдеріне қарамастан, бұл проблема өзекті бола түсуде [4].

Зәр шығару жүйесі ауруларының ішінде қуық асты безінің қабыну ауруымен ауыратын ерлердің үштен бірі простатит созылмалы түрінен зардап шегеді [2]. Көбінесе себебі ретінде - патогендік флораның урогенитальды каналдан немесе жыныс - зәр шығару жүйесінің бездерінен енуіне байланысты инфекциялық зақымдану болып табылады. Қуық асты безінің көптеген аурулары, соның ішінде, қатерсіз гиперплазия немесе онкопатология - бұл үлкен жастағы ер адамдардың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады [3]. Егде жастағы науқастарда детрузорлық гиперактивтіліктің төменгі зәр шығару жолдарының қызметіне әсері, мұндай науқастарда зәр шығаруды хирургиялық емдеудің нәтижелерін болжаудағы уродинамиканың рөлі, уродинамикалық зерттеуден кейін егде жастағы төменгі зәр шығару жолдарының инфекциясы өте маңызды және іс жүзінде қамтылмаған. Егде жастағы ер адамдардағы төменгі зәр шығару жолдарының ең ауыр симптомы - бұл ноктурия болып табылады [5]. Зәр шығару жүйесі бұзылыстарының салдары ретінде өмір сапасының едәуір төмендеуі, егде жастағы ерлердегі маңызды психологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемалардың пайда болуы және т.б. мәселелер жатады.

Егде жастағы зәр шығару бұзылыстарын дер кезінде кезінде диагностикалау көптеген асқинулардың алдын алуға септігін тигізеді [6].

Зерттеудің мақсаты: Егде жастағы ер адамдардағы зәр шығару бұзылыстарының таралу жиілігін анықтау.

Зерттеу әдістері. Зерттелетін контингенттің сипаттамасы: «Otau med» клиникасында тіркелген 65-тен 93 жас аралығындағы (орта жасы 72,3±4,5 жыл) егде жастағы 35 науқас.

Зәр шығару бұзылыстарының таралу жиілігін анықтау барысында сауалнама, сұқбаттасу әдістері қолданылды. Науқастардың зәр шығару жолдарының бұзылыстарын анықтау мақсатында 0-5 баллдық шкала арқылы бағаланатын 7 сұрақ және симптомдардың ауырлығын бағалауға арналған 0-6 балл аралығындағы 1 сұрақтан құралған "IPSS" сауалнамасы қолданылды.

"IPSS" сауалнамасының нәтижесінің интерпретациясы:

- 0 ден 7 балға дейін (жеңіл симптоматика) – пациент медициналық бақылауды қажет етеді, симптоматикалық терапия тағайындалуы мүмкін;

- 8 ден 19 балға дейін (орташа ауырлық дәрежесі) – пациентке консервативті ем тағайындалуы үшін толық медициналық тексеруден өту қажет етіледі

- 20 баллдан жоғары (ауыр дәрежедегі бұзылулар) - пациентке кешенді урологиялық көмек көрсетіледі, хирургиялық емдеу ұсынылады.

